1.4 Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарды сақтамаудың зардаптары

Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті зардаптарға соқтыруы, сонымен бірге қоршаған орта мен жабдыққа қауіп төндіруі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтарын сақтамау сондай-ақ залалды өтеу жөніндегі барлық кепілдеме міндеттемелерінің жойылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

Атап айтқанда, қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау, мәселен, мыналарды туғызуы мүмкін:

- жабдықтың маңызды атқарымдарының істен шығуы;
- міндеттелген техникалық қызмет көрсету және жөндеу әдістерінің жарамсыздығы;
- электр немесе механикалық факторлар әсері салдарынан қызметкерлер өмірі мен денсаулығына қатерлі жағдай.

1.5 Жұмыстарды қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, орындау

Жұмыстарды атқару кезінде монтаждау және пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықта келтірілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар, қолданылып жүрген қауіпсіздік техникасы жөніндегі ұлттық нұсқамалар, сондай-ақ тұтынушыда қолданылатын жұмыстарды атқару, жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы жөніндегі кез-келген ішкі нұсқамалар сақталуы тиіс.

1.6 Тұтынушыға немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге арналған қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулық

- Егер жабдық пайдалануда болса, ондағы бар жылжымалы буындар мен бөлшектерді бұзуға тыйым салынады.
- Электр қуатына байланысты қауіптің туындау мүмкіндігін болдырмау қажет (аса толығырақ, мәселен, ЭЭҚ және жергілікті энергиямен жабдықтаушы кәсіпорындардың нұсқамаларын қараңыз).

1.7 Техникалық қызмет көрсету, байқаулар мен монтаждау кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулар

Тұтынушы техникалық қызмет көрсету, бақылау тексерістері және монтаждау жөніндегі барлық жұмыстарды осы жұмыстарды атқаруға рұқсат етілген және олармен монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты егжей-тегжейлі зерделеу барысында жеткілікті танысқан білікті мамандамен қамтамасыз етуі тиіс.

Барлық жұмыстар міндетті түрде өшірілген жабдықта жүргізілуі тиіс. Монтаждау мен пайдалану жөніндегі нұсқаулықта сипатталған жабдықты тоқтату кезіндегі амалдар тәртібі сөзсіз сақталуы тиіс.

Жұмыс аяқтала салысымен бірден барлық бөлшектелген қорғаныш және сақтандырғыш құрылғылар қайта орнатылуы тиіс.

1.8 Қосымша буындар мен бөлшектерді өздігінен қайта жабдықтау және дайындау

Құрылғыларды қайта жабдықтауға немесе түрін өзгертуге тек өндірушімен келісім бойынша рұқсат етіледі.

Фирмалық қосалқы буындар мен бөлшектер, сондай-ақ өндіруші фирма рұқсат еткен жабдықтаушы бұйымдар ғана пайдаланудың сенімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Басқа өндірушілердің буындары мен бөлшектерін қолдану өндірушінің осы салдардың нәтижесінде пайда болған жауапкершіліктен бас тартуына әкелуі мүмкін.

1.9 Пайдаланудың жол берілмейтін режимдері

Жеткізілетін жабдықты сенімді пайдалануға тек «Қолданылу аясы» бөліміне сәйкес функционалдық мақсатқа сәйкес қолданған жағдайда ғана кепілдік беріледі. Техникалық сипаттамаларда көрсетілген шекті рауалы мәндер барлық жағдайларда міндетті түрде сақталуы тиіс.

2. Тасымалдау және сақтау

Жабдықты тасымалдауды жабулы вагондар, жабық машиналар, әуе, өзендік немесе теңіз көлігімен жүргізу керек.

Жабдықты тасымалдау талаптары механикалық факторлар әсері жағынан 23216 МемСТ «С» тобына сәйкес келуі керек.

Оралған жабдықты тасымалдау барысында көліктік заттарға өздігінен жылжуларының алдын алу мақсатында сенімді бекітілуі керек.

Жабдықты сақтау талаптары 15150 МемСТ «С» тобына сәйкес болуы керек.

Ең көп белгіленген сақтау мерзімі 2 жылды құрайды.

Сақтау температурасы: -20 °C-ден +70 °C дейін.

3. Құжаттағы символдар мен жазбалардың мәні



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау адамдардың денсаулығына қауіпті жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.



Ескертпе
Аталған нұсқауларды сақтамау электр тогына түсу себебі және адамдар өмірі мен денсаулығына қауіпті салдары болуы мүмкін.



Ескертпе
Осы ережелер жарылысқа қауіпті жабдықтармен жұмыс барысында сақталуы тиіс.
Сонымен қатар атаулы ережелерді стандартты қолданылымдағы жабдықпен жұмыс кезінде сақтау.

Орындамауы жабдықтың істен шығуын, сонымен қатар оның ақауын туындататын қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулар. Жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін және жұмысты жеңілдететін ұсынымдар мен нұсқаулар.

Назар аударыңыз

Нұсқау

4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер

DW Grundfos сорғылары тік тегеурінді келте құбыры бар тасымалды батырылатын сорғылары болып табылады. Олар айдау сұйықтығы көбіне құм, бұрғылау шламы мен ұқсас абразивті бөлшектерінен тұратын құрылыс алаңдары, ашық өзірлемелер мен тау-кен өнеркәсібіне арналған типтік пайдалану жағдайларына арнайы жобаланған. Бұл талаптар жоғары сапалы материалдарды ғана қолдану жолымен ғана орындалады.

Құрылым

Сорғының автоматты жұмысын қамтамасыз етуге арналған ауа клапаны

Сорғыны автоматты іске қосу және тоқтатуға (А) және сорғының тоқтаусыз жұмысына (В) арналған кіріктірілген ажыратқыш

Сорғының автоматты жұмысын қамтамасыз етуге арналған деңгей электродтары. 24 В жұмыс кернеуі

Статор. Оқшаулау сыныбы (F 155 °C). Электр қорғанышының қызып кетуден қорғаудан арналған кіріктірілген термоажыратқыш

Тозудан қорғауға арналған NBR резіңкесінен жасалған жұмыс деңгелігінің тығыздағышы


Сорғы корпусының тозуының орнын толтыратын тозуға мықты, алмалы-салмалы, реттелетін бағыттағыш аппарат

Сорғы жұмысының электронды бақылауы

Аз салмақты, электр қозғалтқышының статорының арқасында соққыға бекем сорғы корпусы мен тегеурінді келте құбыры алюминий құймасынан жасалған.


NBR резіңкесінен жасалған алмалы-салмалы уатқыш. Корпустың ішкі бөлігін тоздан қорғау үшін қолданыңыз.

Сенімді шарлы мойынтіректер қайта майлауын талап етпейді. Біліктің қосарлы бүйірлік тығыздағышы SiC/SiC бастапқы және қайта тығыздағышын қосады. Бастапқы және қайталама тығыздағышының арасында майлы камера орналасқан.



1-сур. DW сорғысының құрылымы

Фирмалық тақташа



2-сур. Фирмалық тақташа

Айқ. Сипаты

1	Типтік белгілері
2	Өнім нөмірі
3	Салмағы
4	Мейлінше жоғары тегеурін
5	Номиналды жылдамдық
6	Фаза саны
7	Жиілік
8	Номиналды тұтынылатын қуат
9	Ылғалға номиналды қуат
10	Номиналды кернеу, Δ
11	Номиналды ток, Δ
12	Қорғаныш дәрежесі
13	СЕЕ бойынша қорғаныш дәрежесі
14	Мейлінше жоғары шығын
15	Дайындау күні [жыл/апта]
16	Сұйықтықтың мейлінше жоғары температурасы
17	Қондырғының мейлінше жоғары тереңдігі
18	Оқшаулау сыныбы
19	Номиналды ток, Y
20	Номиналды кернеу Y
21	Дайындаушы ел

Шартты типтік белгілері

Сорғы типі	DW	.50	.09	.A	3	.H
Тегеурінді келте құбыр диаметрі, мм						
P ₂ шығыс қуаты, кВт						
Басқару типі:						
A = автоматты деңгей бақылау						
- = қолмен басқару						
Электр қорегі						
1 = бір фазалы						
3 = үш фазалы						
H = жоғары кернеулі						

5. Орау және жылжыту

5.1 Орау

Жабдықты алған кезде, орамды және жабдықтың тасымалдау барысында орын алуы мүмкін зақымдануының бар-жоғын тексеріңіз. Орамды тастамас бұрын оның ішінде құжаттар немесе ұсақ бөлшектер қалмағанын тексеріңіз. Егер алынған жабдық сіздің тапсырысыңызға сәйкес келмесе, жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз. Егер жабдық тасымалдау кезінде зақымданған болса, көлік компаниясымен байланысыңыз және жабдықты жеткізушіге хабарласыңыз.

Жабдықтаушының мүмкін болатын зақымдануларды мұқият қарауға құқығы бар.

5.2 Жылжыту



Ескертпе
Қолмен жүзеге асырылатын көтеру және тиеу-түсіру жұмыстарына қатысты жергілікті нормалары мен ережелеріне шектеуді сақтау қажет.



Құрылғыны тұтыну кабелінен көтеруге рұқсат етілмейді.

6. Қолданылу аясы

Grundfos фирмасының DW сорғылары мына төмендегілер үшін жарамды:


- құрылыс алаңдарындағы суды тартып шығаруға;
- тау-кен игеру өнеркәсібіндегі суды тартып шығаруға;
- топырақ суларын тартып шығару;
- жер бетіндегі суларды тартып шығару.

DW сорғылары қабылдау торлы сүзгісі арқылы өтетін қатты қосылымдарынан тұратын суды айдайды.

Жиынтық құрылымының арқасында сорғылар мобильді пайдаланылымға, сонымен қатар стационарлы орнатылымға қолданыла алады. Сорғылар жеңіл және құрылымдық материалдардан, сонымен қатар алюминийден жасалғандықтан, олар бір пайдалану орнынан басқа орынға жеңіл ауыстырыла алады.

7. Қолданылу қағидаты


Төмендегі сипаттамалар қалқымалы ажыратқышпен жабдықталғандықтан, олар DW.50.08.A типтегі сорғысына жатпайды.



TM01 3430 3996

3-сур. Іске қосу талаптары


Су деңгейі кіріктірілген электродқа көтерілген уақытта сумен байланысқа түседі, электрлі тізбек тұйықталады, бұл сорғының іске қосылуына алып келеді.



TM01 3431 3996

4-сур. Сорғы пайдалану үстінде


Жұмыс уақытында су деңгейі төмендеді, сол уақытта кіріктірілген электродтар сияқты сорғы ішіндегі қысымның арқасында сумен байланысын жалғастыра береді.



TM01 3432 3996

5-сур. Судың төмен деңгейі

Судың деңгейі торлы түсіру сүзгісінің деңгейінен төмен түскен уақытта ауа сора бастайды. Электродты камерадағы су деңгейі төмендейді, алайда сорғы ұзын электроды сумен байланыс жасап тұрғанша, жұмыс істей беретін болады. Осыдан соң су деңгейі ұзын электродтан төмен түседі, электрлі тізбек ажырағанда, сорғы тоқтайды.



TM01 3433 3996

6-сур. Ұзын тік айдау құбыры мен құбыршегі бар құдыққа орнатылған сорғы

– А үлгісі

А үлгісінің сорғылар деңгей бақылаудың кіріктірілген жүйесіне ие.

Деңгей бақылаудың екі электродтар жүйесінің көмегімен сымдылықтағы су деңгейі өлшенеді.

Қысқа электрод сорғыны қосады, ұзын электроды сорғыны тоқтатады.

Бұдан кейін сорғы қалай құдық/қазандықты кептерген уақытта қозғалтқыштың корпусының жоғарғы бөлігіндегі электродтарымен қатар орналасқан резеңке клапан арқылы сорғысын босату үшін, ауа соратын болады.

А үлгісінің сорғылар терең құдық/қазандықтарда автоматты жұмыстар үшін қолданылған уақытта кері клапан кері ағынды болдырмау үшін және ізінше, сорғының жұмысы құдық/қазандық босатылған уақытта қайталама, қысқа уақытты режимде тегеурінді келте құбырдан кейін тікелей құрастырылуы тиіс. 6-сур. қар.

8. Құрастыру

Құрастыру өлшемдерін *1-қосымшадан* қар. Құрастыру алдында майлы камерадағы май деңгейін тексеру керек, *12. Техникалық қызмет көрсету* тарауын қар.

DW сорғыларының оларды кез-келген орында орнатуға мүмкіншілік беретін корпусы бар. Сорғыны құрастыруды құбыршектер немесе құбырларды қолдана отырып, жүргізуге болады. Сорғының техникалық қызмет көрсетулерін жеңілдету үшін, тегеурінді магистральді бұрандалы фитингі немесе иілгіш құбырлық муфта арқылы жалғаған жөн.

Егер иілгіш құбыршек қолданылатын болса, оны бугу немесе сынуларсыз қосуды қамтамасыз ету керек, ал құбыршектің ішкі диаметрі сорғының тегеурінді келте құбырының өту қиылысына сәйкес таңдалып алуы тиіс.

Егер сорғыны орнату тұнбалы, құмды немесе тегіс емес жерде орнатылатын болса, онда негіз ретінде мықты, жазық тақтаны қолдану ұсынылады.

Сорғыны айдау ортасына батырыңыз.

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдықтарын жалғау жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес орындалуы тиіс.

Қорек кернеуі мен жиілік мәні зауыттық тақташада көрсетілген. Кернеудің тербеліс шегі оның номиналды мәнінен $\pm 10\%$ болуы тиіс. Зауыттық тақташада көрсетілген параметрлер электр қорегінің бар желісінің параметрімен сәйкес келетіндігіне назар аудару керек.

9.1 Электр қозғалтқышын қорғау

Grundfos фирмасының DW барлық сорғылар электр қозғалтқышының статорының орауындағы кіріктірілген орауындағы жабдықталған термоажыратқыштармен жеткізіледі.

Бір фазалы электр қозғалтқыштары бар Grundfos фирмасының DW барлық сорғылары жұмыс конденсаторымен жабдықталған.

Конденсатор параметрі төменде келтірілген кестеде көрсетіледі:

Сорғы типі	Жұмыс конденсаторы [мкФ]
DW.50.07.1	16
DW.50.08.1	16

9.2 Жиілік түрлендіргішімен жұмыс

Электр қозғалтқышының кіріктірілген қосқышы бар DW сорғыларын жиілік түрлендіргішіне қосуға тым салынады, бұл электр қозғалтқышының зақымдануына алып келуі мүмкін.

Жиілік түрлендіргішін қолдану кезінде электр қозғалтқышының оқшаулауы ішінара артық жүктемені өткереді, бұл электр қозғалтқышының көтеріңкі шуылына алып келеді. Тіпті электр қозғалтқышы кернеудің тым жоғары мәндерінен туындаған құйынды ток әсеріне ұшырайды.

Бұдан өзге жиілік түрлендіргіші арқылы басқарылатын үлкен қуаттағы электр қозғалтқыштары ток мойынтірегінің жүктемесін өткереді.

Сорғыларды басқару шкафтары

Кіріктірілген қорғаныш автоматсыз DW сорғы агрегаттары үшін LC, LCD сыртқы басқару шкафтарын қолдану ұсынылады. Егер DW сорғы агрегаты деңгейдің кіріктірілген электродтарымен қамтамасыз етілген жағдайда LC/LCD шкафтарын қосу кезінде оларды ағыту керек. LC және LCD сорғыларымен басқару шкафтарын келесі қолдануда жеткізіледі: LC басқару шкафтары LCD орындалымындағы бір сорғы үшін - екі сорғысы бар қондырғылар үшін қолданылады.

- деңгей датчиктері бар LC 107 және LCD 107 ауа қоңырауы түрінде,
- қалқымалы ажыратқыштары бар LC 108 және LCD 108,
- электродтары бар LC 110 және LCD 110.

«Деңгей релесінің келесі сипаттамасында» таңдалып алынған сорғыны басқару шкафына байланысты қоңырау, қалқымалы ажыратқыштар немесе электродтар түріндегі деңгей датчигін білдіреді. Бір фазалы электр қозғалтқыштары бар сорғыларға арналған шкафтар өзіне конденсаторларын қосады.

LC басқару шкафы екі немесе үш деңгей релесімен жабдықталған: біреуі сорғыны іске қосуға арналған, екіншісі оны тоқтату үшін қолданылады. Үшінші реле, опция деңгей арттыру сигнализациясы үшін қызмет етеді. **LCD** басқару шкафы үш немесе төрт деңгей релесімен жабдықталған: бірі ағытудың жалпы сигналын беру үшін, екеуі сорғыны іске қосу үшін қолданылады. Төртінші реле, опция деңгей арту сигнализациясы үшін қызмет етеді. Деңгей релесін орнату кезінде келесілерді ескеру керек:

- Батырылған сорғыларға ауа кіруін және діріліне жол бермеу үшін, **тоқтатудың деңгей релесі** сұйықтық деңгейі сорғы корпусының ортасынан төмен түскенге дейін сорғы тоқтайтындай етіп реттелуі тиіс.
- **Іске қосу деңгейінің релесі** сорғы сұйықтықтың қажетті деңгейі барысында іске қосылатындай етіп реттелуі тиіс; алайда сорғы сорғы сұйықтық деңгейі сұйыққойманың түсіру құбырының төменгі ернеуіне дейін жеткенге дейін кез-келген уақытта іске қосылуы тиіс.

- **Деңгей арттыру сигнализациясының релесі**, егер ол бар болатын болса, іске қосу деңгейінің релесінен 10 см жоғары орнатылуы тиіс; алайда сигнализация кез-келген жағдайда сұйықтық деңгейі сұйыққойманың жіберу құбырына дейін жеткенше іске қосылуы тиіс.

Қосымша ақпаратты басқару шкафының нақты үлгісіне құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтан табуға болады.

Ескертпе

Сорғының құрғақ жұмысына тиіс салынады.
Қосымша деңгей релесі сорғының ағыту релесі істен шыққан жағдайда сорғының тоқтатылымын қамтамасыз ету үшін, орнатылуы тиіс. Егер сұйықтық деңгейі сорғының қамытының жоғарғы шетіне дейін жеткен уақытта сорғы ағытылуы тиіс. Әлеуетті жарылысқа қауіпті ортада қолданылатын қалқымалы ажыратқыштар осындай жағдайларда пайдалануға рұқсаты болуы тиіс. Олар Grundfos компаниясының Control DC немесе LC, LCD 108 сорғыларын басқару шкафына жарылыстан қорғау құрылғысы арқылы жалғануы тиіс.

Ex

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы зауыттан қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді.

Орнату орнында қосымша сынақтар талап етілмейді.

Егер сорғыға электр қорегі жалғанған болса, онда ол жұмысқа дайын.

Сорғыны айдау сұйықтығына батырып қосу керек.

Сорғыдан ауа шығару деңгей бақылау жүйесінің клапаны арқылы автоматты түрде орын алады. Сондықтан да сорғыдағы ауа ешқандай кедергі туындатпайды.

10.1 Айналым бағытын бақылау

Сорғылармен жеткізілетін барлық бір фазалы электр қозғалтқыштар дайындаушы зауыттың өзінен-ақ дұрыс айналым бағытымен қосылған.

Үш фазалы электр қозғалтқыштары бар барлық сорғылардың айналым бағыттарын іске қосу кезінде тексеру керек. Сорғының білігі сағат тілі бойымен айналуы тиіс.

Сорғыны қосу кезінде кері айналым бағытымен серпілісі сезіледі (сорғының қақпағындағы нұсқарды қараңыз).


Қате айналым бағыты кезінде электр қорегінің желісіне қосудың екі фазасын айырбастау керек.

11. Пайдалану

Пайдалану талаптары 14. **Техникалық сипаттамалар** тарауында келтірілген.

А үлгісінің сорғыларын тұрақты режимде пайдалану үшін, деңгей электродының ауыстырып қосқышы «В» күйіне ауыстырылуы тиіс.

DW.50.08. А үлгілері үшін қалқымалы ажыратқыш бекітілуі тиіс.



7-сур. Қалқымалы ажыратқыш күйі
 Бұйым баптауларды талап етпейді.

12. Техникалық қызмет көрсету

Ескертпе

Сорғыны қарау және техникалық күтім жасау бойынша жұмыстар тек электр қозғалтқышының қорек кернеуі ағытылған уақытта міндетті түрде орындауға рұқсат етіледі. Қоректің рұқсат етілмеген қайта қосылымының алдын алатын шаралар қабылдау керек. Барлық айналатын бөлшектері қозғалыссыз болуы тиіс.



TM01 4948 1199

Қарау және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс жүргізер алдында сорғыны таза сумен мұқиятты түрде жуу керек.

Сорғыны бөлшектеу барысында да оның тораптары мен бөлшектерін таза сумен жуу керек.

Ескертпе

Сорғының майлы камерасының бақылау саңылауының бұрандалы тығынын бұрау барысында камера артық қысым астында болатындығын ескеру керек. Ешбір жағдайда осы қысымның толық түсірілімі атмосфераға толық берілгенге дейін бұрандалы тығынды толығымен бұрап босатуға болмайды.



Сорғыларды қалыпты пайдалану кезінде жылына бір реттен сирек етпей тексерген жөн.

Егер айдау сұйықтығы көп шламнан немесе құмнан тұратын болса, немесе сорғы ұзақ уақыт бойы жұмыс істесе, оның күйін тексеру аралығы аса қысқа уақыт ішінде жүргізілуі тиіс.

Жаңа сорғыда немесе білік тығыздағышы айырбасталған сорғыда май деңгейін пайдаланған соң, бір аптадан кейін тексерген жөн.

Жабдықтың ұзақ және үзіліссіз пайдаланылымын қамтамасыз ету үшін, келесілерді жиі-жиі тексеріп отыру керек:

- **Тұтынылатын қуат**

- **Майлау деңгейі мен сапасы**

Егер майға су араласса, ол сұр түске ие болады және сүтті еске түсіреді. Бұл білік тығыздағышының зақымдауынан болады.

Сұйық майды пайдаланғаннан соң, 3000 сағат өткен соң айырбастаған жөн (DW,50.08 - 1000 сағаттан соң).

Бұл үшін, Shell фирмасының Ondina 934 физиологиялық инертті май мен оған эквивалентті майы қолданылады.

Қолданылаған сұйық майды жазбаларға сәйкес кәдеге жарату керек.

Назар аударыңыз

DW сорғысының майлы камерасында келесі көлемдегі сұйық май бар:

Сорғының типі	Кернеу	Май мөлшері [л]
Бір фазалы электр қозғалтқыштары бар сорғылар		
DW.50.07.1	1 x 230 В	0,25
DW.50.07.A1	1 x 230 В	0,25
DW.50.08.1	1 x 230 В	*
DW.50.08.A1	1 x 230 В	*
Үш фазалы электр қозғалтқыштары бар сорғылар		
DW.50.08.3	3 x 400 В	*
DW.50.08.A3	3 x 400 В	*
DW.50.09.3	3 x 400 В	0,25
DW.50.09.A3	3 x 400 В	0,25
DW.65.27	3 x 400 В	0,3
DW.65.27.A	3 x 400 В	0,3
DW.65.39	3 x 400 В	0,3
DW.65.39.A	3 x 400 В	0,3
DW.100.66.H	3 x 400 В	0,3
DW.100.66.AH	3 x 400 В	0,3
DW.100.39	3 x 400 В	0,3
DW.100.39.A	3 x 400 В	0,3
DW.100.66	3 x 400 В	0,3
DW.100.66.A	3 x 400 В	0,3
DW.100.110.H	3 x 400 В	2,3
DW.100.110.AH	3 x 400 В	2,3
DW.150.110	3 x 400 В	2,3
DW.150.110.A	3 x 400 В	2,3
DW.100.200.H	3 x 400 В	2,3
DW.100.200.AH	3 x 400 В	2,3
DW.150.200	3 x 400 В	2,3
DW.150.200.A	3 x 400 В	2,3

* Консистенттік маймен толтырылған (Klubber Synteso Proba 330).

- **Кабельді енгізілім**

Кабельді енгізілімнің су түсуінен герметикалық оқшауланғандығына және кабель қысылмаған, бүгілмеген және/немесе майыспағандығына назар аудару керек.

- **Сорғы бөлшектері**

Жұмыс деңгелегі, сорғы корпусы және білік тығыздағышын тозу ізінің жоқтығына тексерген жөн. Зақымдалған бөлшектерін жаңасына айырбастау керек.

- **Шарлы мойынтіректер**

Жеңілдігі мен біліктің айналымының шуылсыздығына тексеру (білікті жайлап қолмен айналдыру).

Зақымданған шарлы мойынтіректерді алмастыру.

Шарлы мойынтіректердің зақымдануы жағдайларында немесе электрлі қозғалтқыштың қанағаттанарлықсыз жұмысы кезінде сорғыға толық тексерулер жүргізу керек. Бұл жұмыс дайындаушы фирмамен немесе осы жұмыстарды орындауға рұқсат алған сервистік бюромен орындалуы тиіс.

12.1 Ластанған сорғылар

Егер сорғы денсаулыққа қауіпті ортаны немесе улы сұйықтықтарды айдау үшін қолданылаған болса, бұл сорғылар ластанған ретінде қарастырылады.

Назар аударыңыз

Мұндай жағдайда техникалық қызмет көрсетуге әрбір тапсырыс берген уақытта айдау сұйықтығы туралы нақты ақпарат беру керек.

Егер мұндай ақпарат берілмеген жағдайда Grundfos Сервистік орталығы техникалық күтім жасаудан бас тарта алады.

Фирмаға қайтаруға байланысты барлық шығындарды жөнелтуші көтереді.

14. Техникалық сипаттамалар

Сорғының дыбыстық қысымының деңгейі 70 дБ(А) қарағанда төмен

Қорғаныш дәрежесі IP68.

Оқшаулау сыныбы F (155 °C).

Кабель ерекшелігі:

- H07RN-F 3 G 1

- H07RN-F 4 G 1

Электрлі сипаттамалары төменгі кестеде берілген.

Сорғы типі	Кернеу, [В]	Қуат, P ₁ , [Вт]	Ток күші, I _n , [А]	Ток күші, I _{start} /I _N , [А]
DW.50.07.1	1 x 230	0,9	4	6
DW.50.09.A3		1		
DW.50.09.3	3 x 400	1,3	2,6	6
DW.65.27.3				
DW.65.27.3	3 x 400	3,4	6,2	6
DW.65.27.A3				
DW.65.39.3.H	3 x 400	5,7	8,6	6
DW.65.39.A3.H				
DW.100.66.3.H	3 x 400	6,6	12,5	6
DW.100.66.A3.H				
DW.100.39.3	3 x 400	5,6	8,6	6
DW.100.39.A3				
DW.100.66.3	3 x 400	7,8	12,5	6
DW.100.66.A3				
DW.100.110.3.H	3 x 400	12,8	21	6
DW.100.110.A3.H				
DW.150.110.3	3 x 400	15	23	6
DW.150.110.A3				
DW.100.200.3.H	3 x 400	23	40	6
DW.100.200.A3.H				
DW.150.200.3	3 x 400	25,2	41	6
DW.150.200.A3				

Ауытқулар

P_i: мейлінше жоғары +15 %

I_n: мейлінше жоғары +10 %

Пайдалану сипаттамаларының диапазоны 2-қосымшада келтірілген.

Габариттік өлшемдері 1-қосымшада келтірілген.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою



Ескертпе

Ақаулықтарды іздеуді бастар алдында сорғының электр қозғалтқышының қорек кернеуі ағытылуы тиіс және қозғалмалы бөлшектері айналмауы тиіс.

Ақаулықтар	Себебі	Ақаулықтарды жою
1. Қосу кезінде электр қозғалтқышы айналмайды. Сақтандырғыштары қызып кетеді немесе электр қозғалтқышы қозғалтқыш қорғанышының релесі іске қосылу нәтижесінде бірден ағытылады. Абайлаңыз! Оны қайта қосуға тырыспаңыз!	a) Электр қорегінің үзілуі, қысқаша тұйықталу; Электр қозғалтқышының кабелі немесе орауындағы ток жылыстауы.	Электршіге кабель немесе электр қозғалтқышын тексерту және жөндету.
	b) Сақтандырғыштар қызып кетуі (сақтандырғыштардың сәйкес келмейтін типі).	Сәйкес типтегі сақтандырғыштарды орнату.
	c) Жұмыс деңгелегі лаймен бітелген.	Жұмыс деңгелегін тазарту және жуу.
	d) Электродтарының ластануы немесе зақым алуы.	Электродтарды жуу немесе айырбастау.
2. Сорғы жұмыс істейді, алайда біршама уақыт пайдаланылған соң, электр қозғалтқышының қорғаныш автоматы іске қосылады да, ол ағытылады.	a) Қорғаныш автоматының реттеу мәні тым төмен мәнге қойылған.	Автоматы реттелімін сорғының техникалық параметрлері бар тақташадағы көрсеткіштері, деректеріне сәйкес орындау.
	b) Кернеудің тым көп түсіп кетуінің әсерінен көтеріңкі тұтынылатын ток.	Екі фаза арасындағы кернеуді тексеру, шекті ауытқу мәні $\pm 10\%$.
	c) Жұмыс деңгелегі лаймен бітелген. Барлық үш фазаның тұтынылатын тогының көтеріңкі мәні.	Жұмыс деңгелегін тазарту және жуу.
	d) Автоматты режимде жұмыс істейтін сорғыларда кері клапан зақымданған.	Кері клапанды айырбастау.
3. Сорғы төмендетілген өндірімділігімен жұмыс істейді және тұтынылатын қуатының тым төмен мәні.	a) Жұмыс деңгелегі лаймен бітелген.	Жұмыс деңгелегін тазарту және жуу.
	b) Қате айналым бағыты	Айналым бағытын тексеру, қажеттілігіне қарай екі фазаның орнын айырбастау, <i>10.1 Айналым бағытын бақылау</i> тарауын қараңыз.
	c) Электродтарының ластануы немесе зақымдануы.	Электродтарды жуу немесе айырбастау.
4. Сорғы жұмыс істейді, алайда су берілісі жоқ.	a) Электродтарының ластануы немесе зақымдануы.	Электродтарды жуу немесе айырбастау.

16. Керек-жарақтар

Басқа фирмалар жеткізетін қосалқы бөлшектері мен тораптарына, сонымен қатар керек-жарақтарға Grundfos фирмасы тексермеген және пайдалануға рұқсат бермегендігін сіздің назарыңызды табандылықпен аударамыз.

Сондықтан жабдық құрылымында осы бұйымдардың көз-келген қолданымы немесе белгілі бір жағдайларда оны пайдалану сорғының жобаланған сипаттамаларына кері әсерін тигізіп, оның функциясының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Grundfos фирмасы басқа дайындаушы фирмалардың қосалқы бөлшектері мен тораптарын, сонымен қатар керек-жарақтарын қолдану салдарынан туындаған залалға байланысты ешқандай жауапкершілік немесе міндеттемелерін көтермейді.

Өздеріңіз орнына келтіре алмайтын ақаулықтар тек Grundfos техникалық қызмет көрсету орны немесе осыған Grundfos фирмасының рұқсаты бар басқа да арнайыландырылған техникалық қызмет көрсету орнымен ғана жойылуы тиіс.

Ақаулықтар туындаған жағдайда Сізден техникалық қызмет көрсету бойынша маманға лайықты түрде дайындау және тиісті қосалқы бөлшектері мен тораптарына тапсырыс беру үшін, ақаулықтар сипаты туралы дәл және толық ақпарат беруіңізді сұраймыз.

Жабдықтың техникалық сипаттамаларын Сізден фирмалық тақташадағы техникалық сипаттамаларының деректеріне сәйкес көрсетуді сұраймыз.

17. Бұйымды кәдеге жарату

Өнімнің шекті жағдайының негізгі өлшемі:

1. жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін, жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың көбеюі.

Аталмыш жабдық, сонымен қатар тораптары мен тетіктері, экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жинақталуы және пайдаға асырылуы қажет.

18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:
GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro,
Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:
«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:
«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк төбе ықшам ауд., Қыз Жібек көш., 7.

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.


Ресейден өндірілген жабдық үшін:
Дайындаушы:
«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:
«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
Көк Төбе ықшам ауд., Қыз Жібек көш 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.



Тип насоса	H [мм]	D [мм]	M [мм]	S [мм] [дюйм]
Однофазный				
DW.50.07.1	395	210	212	50 / R2
DW.50.07.A1				
DW.50.08.1	432	200	200	50 / R2
DW.50.08.A1	42	200	200	50 / R2
Трёхфазный				
DW.50.08.3	432	200	200	50 / R2
DW.50.08.A3	432	200	200	50 / R2
DW.50.09.3	365	210	212	50 / R2
DW.50.09.A3				
DW.65.27	540	246	250	65 / R2 1/2
DW.65.27.A				
DW.65.39	605	246	275	65 / R2 1/2
DW.65.39.A				
DW.100.66.H	725	246	275	100 / R4
DW.100.66.A				
DW.100.39	605	246	275	100 / R4
DW.100.39.A				
DW.100.66.A	725	246	275	100 / R4
DW.100.66.H				
DW.100.110.H	820	360	410	100 / R4
DW.100.110.A.H				
DW.150.110.3	820	360	410	150 / R6
DW.150.110.A3				
DW.100.200.H	1000	360	410	100 / R4
DW.100.200.A.H				
DW.150.200.	1000	360	410	150 / R6
DW.150.200.A				

Рис. 8. Габаритные размеры насоса DW

Приложение 2.




Рис. 9. Диапазон эксплуатационных характеристик насоса

ТМ01.33.05.4501

Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосы DW сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01357 срок действия до 18.02.2020 г.

Выдан органом по сертификации

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ»

ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г.,

выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес:

153032, Российская

Федерация, Ивановская обл., г. Иваново,

ул. Станкостроителей, дом 1;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия, запасные части, указанные в сертификате соответствия являются составными частями сертифицированного изделия и должны быть использованы только совместно с ним.

Истра, 19 февраля 2015 г.

KZ

DW сорғылары Кеден одағының «Төменвольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01357, жарамдылық мерзімі 18.02.2020 ж. дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ

«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді

сертификациялау бойынша органымен

берілген, аккредитациялау аттестаты

№ РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж.,

аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы:

153032, Ресей Федерациясы,

Иванов облысы, Иваново қ.,

Станкостроителей көш., 1 үй;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-жарақтар, қосалқы құралдар, қосалқы бөлшектер сертификатталған құрал құрамдастары болып табылады және тек солармен бірге пайдаланылуы керек.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда

ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,

Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

99019285 0516

ECM: 1167592

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 